

## Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 64 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 31 наурызда № 9843 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Науырзым аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Науырзым ауданының әкімі*

*Т. Карбозов*

Әкімдіктің

2021 жылғы 30 наурыздағы

№ 64 қаулысына

1-қосымша

## Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 24.01.2023 № 1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
		Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Докучаев жалпы білім беретін мектебі"

1	Қараменді ауылы	<p>коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Арман" мәдени-демалыс орталығы ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>Қостанай облысы әкімдігі басқармасының "Науырзым ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Науырзым ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі</p>
2	Шолақсай ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Шолақсай жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Науырзым ауданы Шолақсай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта</p>
3	Қожа ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Науырзым жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>ауыл клубы ғимаратының жанындағы тақта</p>
4	Шилі ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Шилі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта</p>
		<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым</p>

5	Дәмді ауылы	ауданы білім бөлімінің Дәмді жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
6	Мереке ауылы	Ауыл клубы ғимаратының жанындағы тақта
7	Өлеңді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Өлеңді негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
8	Раздольное ауылы	"Науырзым ауданы Раздольное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
9	Буревестник ауылы	"Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта; Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Буревестник жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта

Әкімдіктің  
2021 жылғы 30 наурыздағы  
№ 64 қаулысына  
2-қосымша

### **Әкімдіктің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Әкімдіктің "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-16-115 болып тіркелген).

2. Әкімдіктің "Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы " қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 79 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4669 болып тіркелген).

3. Әкімдіктің "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2017 жылғы 6 қазандағы № 169

қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7277 болып тіркелген).

4. Әкімдіктің "Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 6 ақпандағы № 29 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8967 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК